

Тіл үйретуде пікір айтудың тілдік құралдарын меңгерту әдістері

*Байтелиева Ж.Д.
Казахстан, Астана,
Назарбаев Университеті*

Бүгінгі таңда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, шет тілі ретінде оқытудың түрлі технологиялары дамуда. Атап айтсақ, Ф.Оразбаеваның коммуникативтік технологиясы, З.Бейсембаева мен К.Жақсылықованың модульдік технологиялары, Н.Құрманованың дамыта оқыту технологиясы, А.Сәтбекованың жобалай оқыту технологиясы, З.Күзекованың тілді функционалды грамматика тұрғысынан оқыту технологиясы т.б.

Осы мақала ғалым З.Күзекованың тілді функционалды грамматика тұрғысынан оқыту технологиясы бойынша пікір айтудың тілдік құралдарын тіл үйренушілерге қалай меңгертуге болатындығын сөз етуді мақсат етеді.

Функционалды грамматиканың да, құрылымдық грамматиканың да зерттеу нысаны тіл болғанымен, айырмашылығы зерттеу мақсаттары мен принциптерінде. Функционалды-семантикалық аспекті грамматикалық тұлғалар мен категориялардың мағыналық құрылымын тілдік жүйеде ғана емес, олардың жұмсалым ортасы сөйлеумен бірге алып қарайды. Н.Д.Арутюнова, А.В.Бондарко, Г.А.Золотова, Н.Ю.Шведова және тағы басқа лингвистердің тілдегі функционалды, коммуникативтік бағыттағы еңбектерін ерекше атауға болады. Бұл ғалымдардың теориялық тұжырымдары барлық тілге ортақ мәселені көтерген.

Функционалды грамматикада тіл деңгейі бірліктеріне талдау кешенді түрде жүргізіледі. Мұнда тіл деңгейлері арасындағы байланыс ортақ семантика арқылы жүзеге асады. Мазмұнды беруге қатысатын әр деңгей элементтері жеке дара емес, мағыналық тұтастықта алып талданатындықтан, бұл функционалды грамматиканың, бір жағынан, деңгейлі (дәстүрлі) грамматикадан ерекшелігін көрсетсе, екінші жағынан, құрылымдық сипаты бойынша «түрлі деңгейлі», басым сипатына қарай «жүйелі-үйлестіруші» грамматика деп аталуына негіз болады. Дәстүрлі грамматикада әр тіл деңгейі – фонетика, лексикология, морфология, сөзжасам, синтаксис жеке-жеке алынып, ондағы тілдік бірліктердің өзіндік ерекшеліктері жете ашық көрсетілетіндіктен тілде ол «жүйелі-саралаушы» деген сипатқа ие болып келеді. Осы аталып отырған теорияның тіл үйрету әдістемесінде, әсіресе, шет тілдерін оқытып, үйрету барысында табысты пайдаланылып жатқанын З.Күзекова өз мақаласында атап көрсетеді [1]. Мәселен, орыс тілін оқытуға байланысты 2007 жылы жарық көрген «Дорога в Россию» (Антонов В.Е., Нахабина М.М., Толстых А.А.), «Приглашение в Россию» (Корчагина Е.Л., Литвинова Н.Д.) атты оқулықтарда грамматиканы түсіндіруде функционалды коммуникативтік бағыттың біраз элементтері қолданылғанына көз жеткізуге болады.

Грамматиканы оқытудағы функционалдық бағытта тіл үйренуші мен оқытушының күші семантиканы анықтауға бағытталады. Грамматиканы оқытудағы функционалдық бағыт негізінде тіл үйренушіде тіл құралдарымен сөйлеу (речь) мазмұнындағы байланыс орнайды. Оқытудың функционалдылық ұстанымы оқыту материалының кешенді синтаксистік негізде берілуінде. Ал синтаксистік негізде ұсынылуы – тілдік факт ғана емес, оның коммуникативтік мағынасы да қоса ұсынылады деген сөз. Тек қана сөйлемде тілдік бірлік коммуникативтік мағыналы, мазмұнды болады.

Өзге тілді аудиторияда грамматиканы оқытудағы негізгі мақсат – тіл үйренушінің тілдік бірлікті коммуникацияда қолдана білуі. Тіл үйренушілердің тілдік және сөйлеу дағдылары бір-бірімен өзара байланысты. Тілдік дағды – коммуникациядан тыс, ал сөйлеу дағдысы – грамматикалық құбылысты сөйлеуде қолдана алуы. Олай болса, тілдік құралдарды

жүйелеу негізгі коммуникативтік-функционалдық белгілерді ескере отырып жүргізіледі. Яғни, тілдік құралдар қандай мағынада қолданылатынына орай белгілі бір мағынаны, ойды жеткізу үшін бірлесе қызмет етеді. Мәселен, естіген, көрген, оқыған нәрселерімізге өз пікірімізді білдіру үшін қандай тілдік құралдарды пайдалануға болса, соларды бір «мағыналық мазмұнға» жинаймыз. Себебі функция тікелей мағынамен емес, мағынаны білдіретін тұлғамен (формамен) байланысты болғандықтан. Мысалы: *менің ойымша, ...; менің пікірімше, ...; меніңше, ...; ... толық/жартылай келісемін/келіспеймін; келіспеуімнің себебі ...; неге десеңіз ...; себебі..., сондықтан... деп ойлаймын; ... дегенге қосыламын; мүмкін ...*

Мысалда келтірілген сөздер құрылымдық грамматика бойынша түрлі деңгейге жатқанымен, функционалды грамматика бойынша бір мағына (пікір айту) беретіндіктен бір өріске шоғырланады. Осы жерде бұл шаблондар қай деңгейдегі тіл үйренушілерге арналған деген сұрақ туады. Ол үшін алдымен қазақ тілін үйренушілердің құрамын саралап алу керек. Мәселен, ағылшын тілін үйренушілер қатарына ағылшындар не америкалықтар жатпайды. Ағылшын тілін үйренетіндер тек шет елдіктер, тіл үйретуге арналған оқулықтары да соған сай (шет елдіктер үшін) жасалған. Ал қазақ тілінде бұл мәселе басқаша. Нақты айтсақ, қазақ тілін үйренушілер құрамына Қазақстандағы өз ұлтымыздың өкілдері де, өзге ұлт өкілдері де, сондай-ақ шетелдегі қазақтар мен өзге ұлт өкілдері де кіреді. Ал біздің жоғарыда айтып отырған пікір айтудың тілдік құралдары осылардың ішінде Қазақстандағы қазақ тілін үйренушілерге орта деңгейден бастап беруге болатын құрылымдар. Себебі бұл тіл үйренушілер мектепте де қазақ тілін оқиды, ЖОО-да оқиды. Олар үшін осы құрылымдарды пайдаланып, оқыған мәтіндеріне пікір айту не пікір жазу қиындық туғызбайды деп ойлаймыз. Өйткені олар оқыған, тыңдағандарын жақсы түсінеді, бірақ ойларын жеткізуде қиналады. Сондықтан осындай бір жүйеге жиналған тілдік құрылымдарды беріп отырсақ, олар жұмсалым аясы бойынша меңгереді.


Функционалды грамматикада өріс ұғымы кең қолданыс табады. Мұнда тіл деңгейлік (фонетика, лексика, фразеология, морфема, морфология, синтаксис) тұрғыда емес, функционалды семантикалық өріс жүйесі ретінде қарастырылады, жүйедегі әрбір өріс тілдегі жақын немесе ұқсас мағыналарды білдіретін әртүрлі деңгейдегі тілдік құралдарды біріктіреді. Әрбір өрістің өз ішінде тек қана мағыналық ұқсастығымен ғана емес, сондай-ақ қызметтерінің сәйкестігімен де біріккен белгілі бір реттілік, әртүрлі деңгей құралдарының иерархиясы бар [2, 52].

Функционалды-семантикалық өріс дегеніміз – семантикалық функциясының ортақтығы негізінде бірігіп, белгілі бір семантикалық категорияның варианттарын беруге қатысатын түрлі тілдік деңгейге жататын құралдар топтамасы [3, 17]. Басқаша айтқанда, өздері тілде көрінетін түрлі деңгейлік бірліктердің кешенімен бірге қарастырылатын семантикалық категория. Әртүрлі тілде бір семантикалық категорияға негізделетін өріс құрылымы жағынан әр қилы болып келеді. Бұл әр тілдің ішкі ерекшеліктеріне байланысты.


Жүйе ретінде функционалды семантикалық өріс белгілі бір мағынаны жеткізуге қызмет ететін түрлі деңгейдегі тілдік құралдарды біріктіреді. Кез келген жүйеге тұтастық, бірыңғайлық тән. Функционалды семантикалық өріске тән мұндай сипат белгілі бір семантикалық категорияға негізделетін өріс мазмұнынан көрінеді. Оның формальді көрінісі болып табылатын, яғни ой мазмұнын беретін тілдік бірліктердің құрылымы жағынан әр басқа және түрлі тіл деңгейіне тиісті болып келетіндігіне байланысты олардың жиынтығынан бірыңғайлық сипат байқалмайды. Бұл ерекшелік грамматикалық категориямен салыстыра қарағанда анық көрінеді. Грамматикалық категория әрі бір-біріне қайшы, әрі тектес, мәндес мағыналардан тұрады және осы мағыналардың сыртқы көрінісі болып табылатын грамматикалық формалар да бірыңғай, яғни бір тілдік деңгейге тиісті болып келеді.

Осы тұста туындайтын екінші нәрсе, грамматикалық категорияда грамматикалық мағынаның формальді көрінісі шектеулі болып, ол грамматикалық формалармен ғана беріледі. Ал функционалды семантикалық өріске келсек, керісінше, өрісте қамтылатын формальді құралдар «шексіз». Яғни функционалды семантикалық өріс мазмұны «кез келген» тілдік құрал (морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және осылардың тіркесімі, мәтін т.б.) арқылы беріле алады. Мәселен, төмендегі 1-суретте туыстық атаулар үш деңгей бойынша бір семантикалық өрісті құрап тұр. Қазақ тілінде туыстық атауларға байланысты сөздер өте көп екенін ескерсек, оның барлығын әр деңгей бойынша бөліп оқытуымыз керек деп ойлаймыз. Осыған сай әр деңгейде өтілген лексика мәтіндерде қолданылса, тіл үйренушіге бұл өте түсінікті болады. Туыстық атауларды лексикаға байланысты мысал ретінде түсіндіру үшін сөз еттік. Ал 2-суретте мақаламызға өзек болып отырған пікір айтудың тілдік құралдарының үш деңгей бойынша берілуі көрсетілген.

1-сурет



2-сурет



Функционалды грамматика аясына енетін семантикалық функция тілден тыс объективті шындықпен сәйкестеніп, өз бойына «мағыналық мазмұн» элементтерін жинақтайды. Сонымен, тілдік бірліктердің функциясы дегеніміз - олардың белгілі бір қызмет атқаруға қабілеттілігі, жұмсалу мүмкіндігі, сондай-ақ жұмсалымның іске асқан нәтижесі [3,29].

Функция өзара әрекеттес тілдік құралдардың жұмсалым нәтижесі ретінде қаралғанда, сол қызметті жүзеге асыруға қатысқан құралдар құрамы анықталады. Яғни тілдік бірліктердің жұмсалу мүмкіндігі тіл жүйесіне, ал ол мүмкіндіктің жүзеге асуы сөйлеуге (речь) қатысты болып шығады. Осыған байланысты біз төменде қазақ тілінде пікір айтудың жетілдіруші деңгейге арналған тілдік құралдарын беріп отырмыз.

Автор әрекетін жеткізу үшін қолданылатын етістіктер

автор	қарастырады талдайды ашады баяндайды тоқталады	сипаттайды атайды айтады көрсетеді хабарлайды
-------	--	---

Сараптамалық немесе зерттеу материалына қатысты қолданылатын етістіктер

автор	зерттейді жазады дәлелдейді анықтайды растайды	болжам жасайды санайды ойлайды ... деген ойын айтады
-------	--	---

Ойды қорытындылау, түйіндеу үшін қолданылатын етістіктер

автор	қорытындыға келеді қорытынды жасайды қорытындылайды	жинақтайды түйіндейді
-------	---	--------------------------

Осы тілдік құралдарды пайдаланып, тіл үйренушілер, әсіресе, ғылыми стильдегі мәтіндерге өз пікірлерін беруге дағдыланады. Жоғарыда айтқандарымыз Назарбаев Университетінде өтетін «Академиялық қазақ тілі» сабағында пайдаланылып, студенттер тарапынан өз нәтижесін де беріп жатыр деуімізге болады. Тек қана ғылыми стильді емес, басқа да стильде берілген мәтіндерге пікір айтудың осындай үлгілерін жасап, оңайдан қиынға қарай әр деңгейге беріп отырсақ, тіл үйренушілерге үлкен көмек деп санаймыз.

Сөзімізді қорытындыласақ, қазақ тілін үйретуде құрылымдық грамматика арқылы оқытудан функционалды грамматика арқылы оқытуға көшуіміз қажет деп ойлаймыз. Бұл ойды жоғарыда айтқан мысалдар дәлелдейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Күзекова З. Грамматиканы оқытудағы функционалды бағыт // «Оқыту бағдарламалары мен мазмұны, оқыту технологиясын жетілдіру». – Астана, 2012.
2. Жолшаева М. Лингвистикадағы өріс теориясы // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2007.-№2. 49-55 бб.
3. Бондарко А.В. Функциональная грамматика. – Л., 1984.
4. Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама. –Астана, 2012

Аннотация

В данной статье рассматриваются некоторые проблемы обучения государственного языка.

Resume

The article touches upon some problems of teaching state language.

Кілт сөздер: құрылымдық грамматика, функционалды грамматика, өріс категориясы, функционалды-семантикалық өріс